

ӘОЖ 372.7:779

**Тлеулесова Ардак Шайкеновна**

педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Алматы қ.

e-mail: arnur.tleu@mail.ru

## ОҚУ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСİNДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

*Ұсынылып отырған мақалада жаңа педагогикалық технологиялардың түрлері қарастырылған. Педагогикалық технологияның сабақта алатын ерекшеліктері туралы баяндалған. Қазіргі заманғы және сапалы жаңа білімді қалыптастыруға ықпал жасайтын үздік технологиялар туралы сөз қозғалған. Білім беру жүйелерінде қолданып жүрген ғалым-әдіскерлердің жаңа технология туралы ұсыныстары, анықтамалары берілген.*

*Педагогикалық технологияның негізі болып педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік ғылым жетістіктері, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибеде, халықтық педагогика, отандық және шетелдік педагогиканың өткеннің барлық негізгі жүйесі болып табылады.*

*Білім берудің негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық инновация қажеттілігі жан-жақты талданған.*

**Түйін сөздер:** педагогикалық технология, қазіргі технологиялар, білім беру, инновациялық, сапалы білім, өздік жұмыс.

*В научной статье рассматриваются инновационные технологии, направленные на формирование современного и качественного подхода в системе образования.*

*Проведен анализ педагогических технологий, используемых в учебно-воспитательной системе образования.*

*Основной педагогической технологии являются достижения педагогической, психологической и социальной науки, в передовой педагогической практике, народной педагогики, отечественной и зарубежной педагогики.*

*Всесторонне проанализирована необходимость педагогических инноваций, направленных на реализацию основных целей образования.*

**Ключевые слова:** педагогические технологии, система образования, качественный подход, инновация.

*This article considers the types of new pedagogical technologies. Methodological and pedagogical technologies in the classroom. They say about advanced technologies of influencing the formation of modern and high quality of the new entity. Suggestions, help scientists-Methodist about new technologies using in the educational system.*

*The basis of pedagogical technology is the achievements of pedagogical, psychological and social science, in advanced pedagogical practice, folk pedagogy, domestic and foreign pedagogy.*

*The necessity of pedagogical innovations aimed at the realization of the main goals of education is comprehensively analyzed.*

**Keywords:** educational technology, modern technologies, education, innovation, quality education, independent work.

Елбасы Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз [1]. Сондай-ақ, үлгерімі жоғары студенттер мен оқушылардың қолдау көрсетудің тиімді жүйесін құру қажеттігін айтып өтті. «Мәңгілік Ел» стратегиясын қолдаушы да, жалғастырушы да осы ұстаздар қауымы болмақ.

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық

шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді.

Жаңа педагогикалық технологиялардың ғылыми-теориялық мазмұны білімалушылардың білімдерін жетілдіріп қана қоймайды, оқуға деген қызығушылық белсенділіктерін арттырып, білікті, шығармашыл тұлғаны дайындау.

Білім берудің негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық инновация қажеттілігі мына себептерге байланысты өте қажет-ақ:

1. Сапа менеджменті жүйесі терең, тиянақты білім беруді талап етуіне орай озық технологияларды пайдалану;

2. Қазіргі заманғы және сапалы жаңа білімді қалыптастыруға ықпал жасайды;

3. Инновациялық қызмет педагогтің кәсіби өсуін, тұрақты өзін – өзі жетілдіруін, озық тәжірибелерді зерделеп игеруін қамтамасыз етіп, шығармашылық жауапкершілік сезімін арттырады.

4. Инновациялық білім-педагогикалық әлемде жаңа құндылықтарды қалыптастырып, қарым-қатынастың жаңа жетілдірілген мәдениетін игереді;

5. Инновациялық үрдістер-педагогикалық сапалылық пен белсенділікті қалыптастырып, кәсіби шеберлігін шығармашылықпен үйлестіру арқылы талаптар деңгейінде еңбек етуге жеткізеді.

Инновациялық оқыту-білім берудің ерекше түрі. «Жаңа жағдайларда даму қабілеттілігін бірлесе шешуді ойластырады. «Қалай нәтижелі оқыту керек?», -деп атап көрсетеді Ж.Қараев [2].

Соңғы жылдары Қазақстан білім беру жүйелерінде бірліктерді ірілендіру технологиясы, Д.Эльконин мен В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.Аманашвилидің ізгілікті тұлғалық технологиясы, В.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқында оқыту технологиясы, М.Чамановтың проблемалық оқыту технологиясы, М.Жанпейісованың модульді оқыту технологиясы, В.Монаховтың қазақстанда Ж.Қараевтың, т.б. технологияларын ұстаз қауымы шеберлікпен пайдаланып жүргені белгілі. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Атап айтсақ, модульдік әдіс білімалушылардың оқу теориялық білімді аз уақытта меңгеріп, шығармашылық жұмыстарға баулуға мүмкіндік береді [3].

Бірлескен ұжымдық іс-әрекетке негізделген бұл технология тиімді пайдаланылған жағдайда ғана нәтижелі болмақ.

Ол нәтижелер:

- білімалушының өздігінен оқып, түйінді мәселелерді іріктеп, алуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- оқуға деген қызығуының артуы;
- іскерлік дағдысының қалыптасуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекетінің дамуы.
- шығармашылықпен айналысуына талпынысы;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекетінің дамуы;
- өзіндік пікір айтуы.

Қазіргі оқу үрдісінде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік

даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл ұстаз болуын қажет етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Оқу тәрбиесі үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу IV кезеңнен тұрады:

- I. Жаңа идеяны іздеу;
- Инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру;
- II. Жаңалықтарды ұйымдастыру;
- III. Жаңалықтарды енгізу;
- Оқу –тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану;
- IV. Жаңалықтарды бекіту.

Инновациялық технологиялардың білім сапасын арттыру:

- Әр сабақта интерактивті әдістерін қолдану;
- Инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, мектеп жағдайына бейімдеу;

Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек.

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалды, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жеке тұлға – бұл адамның психикалық, рухани мәні, ол әртүрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән:

- адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы;
- өзіне және өзімен – өзінің, дүниеге және дүниемен қатынастарының жүйесі;
- айналадағы қоршаған әлемді және өзін – өзі жете түсінуі;
- қажеттілік жүйесі;
- шығармашылық мүмкіндігі мен қабілеттерінің жүйесі.

Педагогикалық технология-әлеуметтендіру мен оқытудың түрлерін, әдістерін, құралдарын, тәсілдерін үйлестіретін, тәрбиелеу амалдарын анықтайтын психо-педагогикалық құрылымдардың жиынтығы; ол педагогикалық іс-әрекеттің құралы болып табылады.

- Педагогикалық технология-оқу процесін іске асырудың мағыналы технологиясы (В.П.Беспалько) ұсынады.

«Педагогикалық технология» түсінігі үш түрлі құбылыс ретінде ұсынылады:

- ғылыми;
- іс-жүргізу, суреттеу;
- ықпалды іс-жүргізу.

Сонымен, педагогикалық технология оқытудың ұтымды жолдарын зерттейтін ғылым ретінде жұмыс істейді және оқуда қолданылатын тәсілдер жүйесі ретінде, оқытудың шынайы барысы ретінде де қарастырылады.

Педагогикалық технологияның негізі болып педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік ғылым жетістіктері, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибеде, халықтық педагогика, отандық және шетелдік педагогиканың өткеннің барлық жақсы жинақталғаны болып табылады.

Педагогикалық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

• Алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;

• Тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

Аталмыш мәселелерді шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгеру, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу-бүгінгі күннің өзекті мәселелері. Тұлғаның дамуына емес, білімді, шеберлікті, дағдыны меңгеруге бағытталған.

Қорыта келе, білім беру үрдісін ақпараттандыру - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда жаңа технологияларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты халыққа Жолдауы. - Астана, 2006.- 78 б.
2. Караев Ж.Денгейлік тапсырмалар жиынтығы. - Алматы, 2015.
3. Жампейісова Қ.Қ. Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі «Оқыту –тәрбиелеу технологиясы» – №7-8, 2007 . – 47 б.
4. Құрманәлиев. М.Қ. Қазіргі педагогикалық технологиялар, Алматы, 2010 ж.

#### Тлеулесова Ардақ Шайкенқызы

**Лауазымы:** педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор «қазақ және орыс» тілдері кафедрасының доценті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Алматы қ.

**Пошталық мекен-жайы:** 010011, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Ж.Нажмиденов 20/4

**Ұялы. тел:** 8 777 249 56 96

**Оқу тәрбие жүйесінде жаңа технологиялардың алатын орны**

#### Тлеулесова Ардақ Шайкеновна

**Должность:** кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Алматы

**Почтовый адрес:** 010011, Республика Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Ж.Нажмиденова 20/4

**Сот. тел:** 87772495696

**Роль новых технологий в учебно-воспитательной системе**

#### Teulesova Ardak Shaikenovna

**Position:** candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Kazakh Agrotechnical University. S.Seifullin, Almaty city

**Mailing address:** 010011, Republic of Kazakhstan, Astana, Ж. Нажмиденова 20/4

**Mob.phone:** 877724956 96

**The role of new technologies in the educational system**